



## БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы қ.

05 сәуір 2021 жыл

### KASE Басқарма Төрағасының орынбасары сайланды

2021 жылдың 05 сәуірінен бастап "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі KASE немесе Биржа) Директорлар кеңесінің шешімімен 2023 жылдың 01 шілдесіне дейін өкілеттік мерзімімен Саржаков Жайнар Наурызбайұлы KASE Басқарма Төрағасының орынбасары болып сайланды.

Өр жылдары Жайнар Саржақов Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің Монетарлық операциялар департаментінде, қаржылық есеп және қаржылық операциялар мониторингі департаментінде басшылық қызметтер атқарды, ҚР ҰБ, ҚР Ұлттық қоры, БЖЗҚ зейнетақы активтерінің инвестициялық стратегияларын әзірлеуге қатысты. ММУ "Қолданбалы математика" мамандығы бойынша түлегі.

Аталған шешімді ескере отырып, KASE Басқармасының құрамы келесі бес тұлғадан анықталды:

- Алдамбергген А.Ө., Басқарма Төрайымы;
- Мажекенов Е.Б., Басқарма Төрайымының орынбасары;
- Саржаков Ж.Н., Басқарма Төрайымының орынбасары;
- Хорошевская Н.Ю., Басқарма Төрайымының орынбасары;
- Цалюк А.Ю., Басқарма Төрайымының орынбасары.

Биржаның Директорлар кеңесі мен Басқармасының құрамы KASE интернет-сайтында келесі мекен-жайда жарияланған [http://www.kase.kz/ru/kase\\_management](http://www.kase.kz/ru/kase_management).

#### Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия өңіріндегі жетекші қор биржасы болып табылады. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМД биржаларының арасында екінші орынды және FEAS биржаларының акциялар нарығын капиталдандыру деңгейі бойынша алтыншы орынды алады.

Бұл корпоративтік және мемлекеттік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, шетелдік валюталар, ақша нарығының операциялары – репо және своп, сондай-ақ туынды құралдар үшін әмбебап сауда алаңы, қазіргі заманғы технологияларға ие және қабылданған халықаралық стандарттарға сәйкес сауда-саттық және сауда-саттықтан кейінгі қызметтерінің толық спектрін ұсынады. KASE халықаралық биржалар Федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалары Федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі, сондай-ақ БҰҰ "Қор биржалары тұрақты даму үшін" Бастамасының қатысушысы болып табылады.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, [pr@kase.kz](mailto:pr@kase.kz).